

Павлодар облысы бойынша ормандарды пайдаланғаны үшін 2008 жылға арналған төлемақы мөлшерлемелері туралы

Күшін жойған

Павлодар облыстық мәслихатының 2008 жылғы 29 ақпандағы N 65/4 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2008 жылғы 27 наурызда N 3107 тіркелген. Мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды - Павлодар облыстық Әділет департаментінің 2009 жылғы 18 наурыздағы N 4-06/1966 хатымен.

Ескерту. Мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды - Павлодар облыстық Әділет департаментінің 2009 жылғы 18 наурыздағы N 4-06/1966 хатымен.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңына және Қазақстан Республикасының "Салықтар және бюджетке төленетін басқа міндетті төлемдер туралы" Кодексінің 473 бабына сәйкес облыстық мәслихат ШЕШІМ ЕТЕДІ:

1. Павлодар облысы бойынша ормандарды пайдаланғаны үшін 2008 жылға арналған төлемақы мөлшерлемелері көрсетілген шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Павлодар облыстық мәслихатының экология және қоршаған ортаны қорғау мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Л. Белогривый

Облыстық мәслихаттың хатшысы

Р. Гафуров

Павлодар	облыстық	мәслихатының
(IV	сайланған	IV
2008	жылғы	20
Павлодар	облысы	бойынша
ормандарды	пайдаланғаны	үшін
2008	жылға	арналған
төлемақы	мөлшерлемелері	төленетін
туралы	N	65/4
қосымша		шешіміне

Павлодар облысы бойынша ормандарды пайдаланғаны үшін 2008 жылға арналған төлемақы мөлшерлемелері

--	--	--	--	--

P/cN	Атауы	Өлшем бірлігі	Өлшем бірлігіне төленетін төлемақы мөлшерлемесі, теңге			2007 жылға % -дық өсуі
			2006 ж	2007 ж	2008 ж	
	1. Омарталар мен ұяларды орналастыру					
1	Аралардың ұясын орналастыру	1 айға бір ара ұясы	50	70	80	14
	2. Шөп шабу					
1	Шабындықтар	1 га	100	130	144	11
	3. Екінші дәрежедегі ағаш ресурстарын дайындау					
	Қайың бұтақтары	м ³ жинақ	120	142	180	27

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК